Қарағанды қалалық мәслихатында

БЮДЖЕТТЕГІ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында қала бюжжетінің 2024 жылғы орындалысы сөз болды. Отырысты қала мәслихатының төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қысқаша кіріспе сөзбен ашып, ҚР Бюджет кодексінің 128-бабына сәйкес бұдан бұрын қаладағы аудан әкімерінің баяндамалары тыңдалғанын айта келіп, отырысты одан әрі жүргізуді мәслихаттың экономика, даму бағдарламасы, бюджет және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Денис Витальевич Дедовқа тапсырды.

Қала мәслихаты тұрақты комиссияларының бірлескен отырысына Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарлары Дастан Құдабаев, Дархан Жиенбаев, Қазыбек би атындағы аудан әкімі Ералы Оспанов, Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбол Күлекеев, осы аудандардағы мемлекеттік кіріс басқармалары басшыларының орынбасарлары Майда Боранбаева мен Алмас Қалиев, қалалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

- Бүгінгі отырыста 2024 жылғы бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда соңғы нәтижесі мен тиімділігіне қол жеткізетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін тыңдайтынымызды атып айтамын. Соған орай өткен отырыстарды қорытындылай келіп, оған қоса қала әкімдігі ұсынған материалдарды зерделей келіп, мынадай қорытынды шығаруға болады, - деді Денис Дедов. – Тұтастай бюджетке түсімнің ұлғайғанына қарамастан, 2024 жылдың басынан бюджетке 22,9 млрд. теңге бересі орын алған. Бұл 9,9% болады. Соған орай бюджетке түсімді тоқсан сайын түзетіп отыру тәжірибеге айналған. Кейбір әкімшінің бюджеттік бағдарламаның тікелей және соңғы нәтижесіне қол жеткізе алмай қалу жағдайлары кездеседі. Мердігерлердің келісім-шарт міндеттемелерінің орындалуына әкімшілер тарапынан бюджеттік бағдарламаның жасалу сапасы және оның бақылануы қамтамасыз етілмейді. Аудиторлық шаралардың қорытындысы бойынша қаржылық бұзушылықтарға және бюджет қаражатының орындалуы кезінде басқа да заңнамалық бұзушылықтарға жол беріп алады. Біздің сайлаушыларымыз тарапынан мәслихатқа түсіп жататын шағымдардың бастылары көлік жолдарының нашар жөнделуі мен сақталуы, аумақты абаттандыру мен аулаларды жарықтандыру, балалар мен спорт алаңдарын күтіп ұстаудың нашарлығы болып келеді. Тұтастай алғанда өткен жылғымен салыстырғанда қала бойынша бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру тиімділігі 95 пайызға төмендеп кеткен.

Сөз Қарағанды қаласы қаржы және экономика басқармасының басшысы Айнұр Апақашеваға берілді.

- Кірістің орындалуы жоспардағы 107 113,4 млн. теңгенің орнына, үш санат бойынша 101 318 млн. теңгені құрады, - деді Айнұр Қабдырашқызы. – Оның ішінде реттелетін салық бойынша 65 398,6 теңге, немесе 104 пайыз болды. Жергілікті салық 977,7 млн. теңгеге орындалса, оның ішінде жекелей салық 114,2 млн. теңге, меншік мүліктер салығы 137 млн. теңге, ішкі салық 425,9 млн. теңге болды. Сол сияқты мемлекеттік баж салығы 300 млн. теңге, салықтық емес түсім 784,6 млн. теңге болды, немесе бұл жылдық жоспардың 106 пайызы.

Негізгі капиталды сатудан түскен түсім 2 343 млн. теңге, немесе жылдық жоспардың 108,9 пайызы. Бұл пәтерлерді сатудан және жекешелендіруден, сол сияқты жер телімдерін сатып алу-сату және жер телімдерін жалға алу құқығына келісім-шарттар жасаудың есебінен түскен түсімдер. Салық және басқа төлемдер бойынша қалалық бюджетке бересі 2025 жылдың 1 қаңтарына 9 989,6 млн. теңге болған. Бұл өткен жылғымен салыстырғанда жергілікті бюджетке бересі көлемі 1 403 млн. теңгеге, немесе 16,3 пайызға ұлғайған.

Өткен жылдың бюджетаралық қатынасына келетін болсақ, есеп айырысатын займдар көлемі 37 768,6 млн. теңгені құраған. Оның ішінде республикалық бюджеттен 13 743,7 млн. теңге, облыстық бюджеттен 24 025 млн. теңге болған.

Өткен 2024 жылы қалалық мәслихаттың шешімі бойынша қала бюджетін нақтылауды бес рет қараған. Бұл займдардың жоғары тұрған бюджеттен түсетін трансферттерді өзгертуіне, бюджеттің кіріс бөлегінің ұлғаюына, бюджеттің белсенділенуіне, үнемделген қаржыға, сол сияқты бағдарлама әкімшісінің бос қаржы бөлегін бөлуге және жоспарлы мақсатқа қайта бөлуге байланысты.

Тұтастай алғанда 2024 жылғы түзетілген бюджет 165 621,1 млн. теңге болған. Бюджеттік шығысы 98,1 пайызға орындалған. Бұл 162 541 млн. теңге. Бюджеттің қорытындысы бойынша орындалмағаны 3 079,3 млн. теңгені құрайды. Бұл үнемдеуден, жобаға түзету енгізуден және рәсімдер бойынша конкурстардың ұзаққа созылып кетуімен, соттарда дауларды шешумен байланысты болған екен. Республикалық бюджет бойынша игерілмеуі 14,3 млн. теңгені, облыстық бюджет бойынша игерілмеуі 338 млн. теңгені құраған. Орындалмаған трансферттер 1 352,4 млн. теңге мөлшерінде республикалық және облыстық бюджеттен биылғы жылдың 1 наурызына дейін бөлініп қаралып, жоғары тұрған бюджетке қайтарылған.

Қалалық бюджет бойынша орындалмағаны 1 341 млн. теңге болып, оның ішінде жоба бойынша үнемделгені 883,7 млн. теңге, игерілмегені 487,8 млн. теңге болып отыр.

Бұдан соң сөзді Қарағанды облыстық тескеру комиссиясының мүшесі Айгүл Есентайқызы Құтжанова жалғастырды.

Өткен 2024 жылдағы жергілікті атқарушы органдардың бюджетін талдауды есепке ала отырып, аудиторлық шоты тұтастай алғанда өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуында оң нәтиже көрсеткен. Қалада азық-түлік тауарларының бағасының өсуі сияқты дамуға кері әсер ететін экономикалық факторлар да бар. Жүргізіліп жатқан шараларға қарамастан, 2023 жылмен салыстырғанда жұмыссыздық саны 54 пайызға өскен, яғни бұл 1295 адам деген сөз. Оның ішінде әйелдердің жұмыссыздығы 5,5 пайыз, ерлердің жұмыссыздығы 4,1 пайыз болып отыр. Әрбір мың адамға шаққанда өлім-жітім саны да 9 пайыздан 13 пайызға дейін артқан. Қарағанды қаласы бойынша мақсатты индикаторлардың үшеуі орындалмаған. Оның ішінде екі бағыт бойынша 33 пайызды құрайды. Нақты айтқанда жол апатынан қаза тапқандар саны 100 мың адамға шаққанда 63 пайызды болды. Екі жастан алты жасқа дейінгі мектеп жасына жетпеген балалар тәрбиесін мақсатты қамту жоспарлы 87 пайыздың орнына 84 пайыз болып отыр. Оған Узинка кентінде шағын орталықты ашуды кейінге қалдыру басты себеп болған. Тағы бір қол жетпеген мақсатты индикатор коммуналдық қалдықтарды соңына жеткізе өтелдемеуден туындайды. Ол жоспарлы 88 пайыздың орнына 87 пайызғана болған.

Өңірді дамыту үшін оның ресурстарын одан әрі жұмылдырудың стратегиялық мақсаттағы бастамаларын жалғастыру қажет. Тұтастай алғанда Қарағанды қаласының мақсатты параметрлері нақтылану және түзету енгізуді есепке алу арқылы қол жеткізіліп отыр. Сондай нақтыланудың арқасында бюджет 21 пайызға арта түскен. Ол толық көлемде алғанда 149 755,1 млн. теңге.

Тексеру комиссиясының мүшесі тағы басқа да көптеген мәселелерге тоқталды.

Баяндама аяқталған соң депутаттар баяндамашыларға сұрақтар қойып, толымды жауаптар алды.

Отырысты Қарағанды қалалық мәслихатының төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қорытындылап, мәселенің кезекті сессияда қаралып, тиісті шешім қабылданатыны туралы атап өтті.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ